

Қазақстан Республикасында зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді жою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 маусымдағы N 1022 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Зейнетақылар мен еңбекақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 3446 U973446_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 15, 113-құжат) зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді 1998 жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей өтеу көзделген бөлігінде одан әрі жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеуге трансферттер бөлудің к е с т е с і н б е к і т с і н .

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен , Экономика және сауда министрлігімен, Әділет министрлігімен келісім бойынша 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің тиісті өзгерістерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының үстіміздегі жылға арналған бюджетін нақтыласын және Үкіметке 1997 жылдың 30 маусымына дейін мерзімде осы мәселе жөніндегі қаулының жобасын енгізсін.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері: жергілікті қаржы органдарының басшыларына 1997 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша қалыптасқан зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеу жөнінде шаралар қолдануды міндеттесін;

1997 жылдың 1 шілдесінен бастап тауарлық-материалдық құндылықтарды халықты әлеуметтік қорғау органдарына бере отырып, зейнетақыларды жеткізу қ ы з м е т т е р і н т а р а т с ы н ;

деректерді Қазақстан Акционерлік халықтық Жинақ Банкінің тиісті филиалдарына табыс ете отырып, 1997 жылдың 1 шілдесіндегі жай-күйі бойынша, аудандар мен қалалардың тұрғысында зейнетақы төлеу жөніндегі берешектердің шамасын нақтыласын;

зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді тамақ өнімдері және басқа ла тауарлық-материалдық құндылықтар түрінде өтеу, талондарды - вексельдерді, чек кітапшаларын және белгіленген тәртіппен рәсімделмеген басқа да төлем нысандарын пайдалану практикасын тоқтатсын;

зейнетақы төлеуді және ағымдағы зейнетақыны төлеу жөніндегі берешектерді өтеуді жариялылық жағдайында жүргізсін, зейнеткерлерге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зейнетақы алудың мерзімдері мен тәртібі туралы дәл және жедел ақпарат жеткізсін;

зейнетақы төлеуге байланысты мәселелерді шешуді жедел ұйымдастыруға жәрдемдессін, қажет болған жағдайларда көлік бөлуге, зейнетақыларды төлеуге арналған қаражатты күзетуге жәрдем көрсетсін, зейнетақы төлеу пункттерін энергиямен жабдықтау мәселелерін шешсін.

4. Аймақтарда зейнетақыны уақытында төлеу мәселелерін шешу үшін жеке жауаптылық облыстардың әкімдеріне жүктеледі.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 15 шілдесіне дейін мерзімде облыс әкімдерінің "Зейнетақылар мен еңбекақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының орындалу барысын атқаруы туралы мәселені Үкіметтің қарауына енгізсін.

6. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі (келісім бойынша) үш күндік мерзім ішінде еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың барлық ведомстволық бағыныстағы филиалдары мен органдарына Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеудің тәртібін жеткізсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) зейнетақы төлеу жөніндегі берешектерді өтеу кестесін атқаруы үшін Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің филиалдарын қолма-қол төлеу қаражатының жеткілікті мөлшерімен бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеудің жоспарын бекіту туралы" қаулының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі